

№ G00011 20.10.2021 ж

Meeting people

УРАЗАЛИЕВА ИНДИРА ЖУМАГАЛИЕВНА

*Жамбыл облысы. Тұрар Рысқұлов ауданы. Көгершін ауылы
Ақтоған шағын орталықты орта мектебінің ағылшын тілі пәні мұғалімі*

Unit of a long term plan: Unit 1		School:	
Our class			
Date:		Teacher name:	
CLASS: 6th form		Number present: 10	absent:
Lesson title	Meeting people		
Learning objectives(s) that this lesson is contributing to (link to the Subject programme)	6.2.5.1 understand most specific information and detail of short, supported talk on a wide range of general and curricular topics 6.3.2.1 ask simple questions to get information about a growing range of general topics		
Lesson objectives	<p><i>All learners will be able to:</i></p> <ul style="list-style-type: none"> ➤ Understand most specific information and use greeting and introducing words in speech with support <p><i>Most learners will be able to:</i></p> <ul style="list-style-type: none"> ➤ Understand most specific information and make a dialogue using new words with little support. <p><i>Some learners will be able to:</i></p> <ul style="list-style-type: none"> ➤ Understand most specific information and ask simple questions to get information according to the topic. 		
Level of thinking skills	Knowledge, Understanding, Application		

Assessment criteria	<ol style="list-style-type: none"> 1. Understand most specific information and detail in texts about greeting and introducing. 2. Make a dialogue using the new words. 3. Ask simple question according to the topic
Language objective	<p>Learners can: Learners can understand the information about greeting and introducing.</p> <p>Subject-specific vocabulary and terminology: How are things?, Good to meet you, Are you into...,</p>
Values links	Universal Labor Society
Cross-curricular links	Kazakh language
Previous learning	Learners have information about hobbies and interests.

Plan	
Planned timings	Planned activities (replace the notes below with your planned activities)
Start 1 min	I. Organization moment : Greeting with learners and forming a psychological atmosphere in the classroom. Attracting their attention to the lesson.
4 min	II. Checking home task Strategy: “Chain Drill” (Students stay in a line and the first student ask question about his/her hobby from the second student. The second student must answer to the question and put this question to the third student. All the students continue asking and answering the question about hobby to the end of the line)
2 min	III. Warm up. Watching video about greeting and introducing to define the theme of the lesson.
Middle 10 min	All learners will be able to: Understand most specific information and use greeting and introducing words in speech with support

Task 1. [P]

Listen to the dialogue and complete the sentences with key phrases.

KEY PHRASES

- What part of
- See you later.
- Good to meet you.
- Are you into
- This is
- How are things?

Jake: Hi, Laura.(1)_____?

Laura : Not bad. How are you, Jake? (2)_____ Tina. She's from the USA.

Jake: Hello, Tina. (3)_____.

Tina: And you. Hey, that's a cool T-shirt.

(4)_____surfing?

Jake: Yes, but I'm not very good. (5)_____ the USA are you from?

Tina: I'm from Florida.

Jake: That's cool. (6)_____ then.

Tina : Yeah. See you later.

Descriptor: A Learner:

- Listens to the dialogue attentively.
- Completes the sentences with the right phrases.
- Understands the information and detail in the text

Formative assessment: by comments and points:

1-3	10-30%	Bad
4-5	40-50 %	Sat
6-7	60-70%	Good
8-10	80-100%	excellent

Most learners will be able to:

Understand most specific information and make a dialogue using new words with little support.

Task 2.[G]

10 min

Strategy “Role play”.

Make a dialogue using the words in the box and key phrases.

Descriptor: A Learner:

- Makes a dialogue.
- Uses key phrases and words from the box.
- Expresses ideas clearly.

1-3	10-30%	Bad
4-5	40-50 %	Sat
6-7	60-70%	Good
8-10	80-100%	excellent

Some learners will be able to:

Understand most specific information and ask simple questions to get information according to the topic.

Task 3. [G]

Write simple questions according greeting and introduction and answer the questions correctly.

Strategy “Snowflake”

(Pupils write simple questions according to greeting and introduction on a white sheet of paper, fold a paper like a snowflake and throw it to the member of the next group. He/she must catch the snowflake and answer the question written inside).

Descriptor: A Learner:

- Writes simple questions correctly.
- Answers the questions.
- Expresses ideas clearly.

8min

1-3	10-30%	Bad
4-5	40-50 %	Sat
6-7	60-70%	Good
8-10	80-100%	excellent

<p>End 5min</p>	<p>IV. Conclusion. Strategy: Exit slip (Teacher hand out a short quiz or a few simple questions, and students answer them as they leave the class).</p> <table border="1" data-bbox="512 427 1093 562"> <tr> <td>3</td> <td>Things I learned today.....</td> </tr> <tr> <td>2</td> <td>Thing I found interesting.....</td> </tr> <tr> <td>1</td> <td>Question I still have.....</td> </tr> </table> <p>V. Giving Home task. Write an email to your pen pal ask questions using phrases.</p>			3	Things I learned today.....	2	Thing I found interesting.....	1	Question I still have.....						
3	Things I learned today.....														
2	Thing I found interesting.....														
1	Question I still have.....														
<p>Additional information</p>															
<p>Differentiation – how do you plan to give more support? How do you plan to challenge the more able learners?</p>	<p>Assessment – how are you planning to check learners’ learning?</p>	<p>Health and safety check Cross-curricular links Values links</p>													
<p><i>All learners will be able to:</i> ➤ Understand most specific information and use greeting and introducing words in speech with support <i>Most learners will be able to:</i> ➤ Understand most specific information and make a dialogue using new words with little support <i>Some learners will be able to:</i> 4. Understand most specific information and ask simple questions to get information according to the topic.</p>	<p>5. Understand most specific information and detail in texts about greeting and introducing. 6. Make a dialogue using the new words with little support. 7. Ask and answer simple question according to the topic</p> <table border="1" data-bbox="774 1464 1134 1644"> <tr> <td>1-3</td> <td>10-30%</td> <td>Bad</td> </tr> <tr> <td>4-5</td> <td>40-50 %</td> <td>Sat</td> </tr> <tr> <td>6-7</td> <td>60-70%</td> <td>Good</td> </tr> <tr> <td>8-10</td> <td>80-100%</td> <td>excellent</td> </tr> </table>	1-3	10-30%	Bad	4-5	40-50 %	Sat	6-7	60-70%	Good	8-10	80-100%	excellent	<p>Universal Labor Society Kazakh language</p>	
1-3	10-30%	Bad													
4-5	40-50 %	Sat													
6-7	60-70%	Good													
8-10	80-100%	excellent													
<p>Reflection</p>	<p>Use the space below to reflect on your lesson. Answer the most relevant questions from the box on the left</p>														

<p><i>Were the lesson objectives/learning objectives realistic? Did all the learners achieve the lesson objectives/ learning objectives? If not, why? Did my planned differentiation work well? Did I stick to timings? What changes did I make from my plan and why?</i></p>	<p>I think that the lesson objectives and learning objectives were realistic and achievable. All learners achieve the lesson objectives and learning objectives because the objectives were SMART. My planned differentiation work was well, because the activities were accessible and effective. I couldn't stick to timing. I had deviation in timing so differentiation tasks took more time than I planned. I think that I will keep time management in my next lesson.</p>
<p>Summary evaluation What two things went really well (consider both teaching and learning)? 1: The first thing which was really well is checking home task by strategy “Chain drill”. 2: The second thing which was really well is making a dialogue using key phrases.</p> <p>What two things would have improved the lesson (consider both teaching and learning)? 1: The first thing is what I will improve keep time management. 2: The second thing is I will use another effective and interesting strategy for active learning.</p> <p>What have I learned from this lesson about the class or individuals that will inform my next lesson? Speaking skills would be improved by effective activities and methods. Activities helped them to involve developing to know more English new words. According updated curriculum I understand that the main idea is based on active learning. In the future I'll include values of the mission “Mangilikyel” in my lesson. I'll use feedback and reflection effectively in short-term plan. I'll use more strategies and methods in teaching.</p>	

№ G00012 20.10.2021 ж

Тренинг: Ата-ана мен мектеп арасындағы қарым-қатынас

САДВАКАСОВА ГУЛЬНАЗ ОМИРБАЕВНА

Түркістан облысы, Төлеби ауданы "Ақбастау жалпы орта білім беретін мектебі" КММ. Педагог-психолог

Мақсаты: мектеп пен ата-ана байланысын ынтымақтастығын арттыру, балаға білім беру мен тәрбиелеуде жетістікке жету үшін бірлескен әрекеттің ортақ мақсаттарын анықтау, отбасы ерекшеліктерін ескере отырып, қиындықтарды бірлесе шешу.

Жұмыс түрі: тренинг.

Нақыл сөздер: "Отан- отбасынан басталады"

Тренингтің барысы:

Тренинг ережесін бекіту

1. Тыңдай білу

2. Сөзді бөлмеу

3. Белсенділік таныту

4. Көңілді отыру

5. Ойын ашық ортаға салу

1. "Жемістер" жаттығуы

Топқа бөлінеміз: «Күн», «Алақан» сөздері арқылы топқа бөлу.

2. "Видеоролик"

Ата-ана видеороликті көргеннен кейін постер қорғайды.

— Сіздер осы оқиғадан түйген өз ойларыңызбен бөліссеңіздер?

3. Сұрақтар:

1. Мектепке өз тарапыңыздан сенімділік білдіресіз бе?

2. Мектеп пен тығыз қарым-қатынастасыз ба?

3. Мектеп жайлы сіздің пікіріңіз?

4. Мектеп тәрбиеіне көңіліңіз тола ма?

5. Мектепке жиі келесіз бе?

6. Ата-ана ретінде мектепке қандай көмек бере аласыз?

3. Жағдаятты талдау

Мақсаты: Өз балаларының іс-әрекетіне дұрыс бағыт бере білуге баулу.

1-жағдаят. Балаңыз мектептен шағым айтып келді. Мұғалім ұрысқанын, енді сабаққа барғысы келмейтінін айтты. Сіз қандай әрекет етесіз?

2-жағдаят. Балаңыз ұялы телефон алып бер деп жылады. Сіз: «Шамалы шыдай тұр, уақыты келгенде алып беремін» — дедіңіз. Балаңыз тыңдамай есікті тарс жауып кетіп қалды. Сіздің әрекетіңіз?

1-жағдаят. Марат сабаққа дайындықсыз келді. Мұғалім сабақ түсіндіріп жатты. Марат сабақты да тыңдамады. Онымен қоса жанындағы оқушыларға да тыныштық бермеді. Мұғалім ескертулер берсе де қорытынды шығармады. Мұғалім оқушының сыныптан шығып кетуін талап етті. Марат үйге келіп шағым айтты. Ата-анасы әй-шәйға қарамай, директорға кіріп айкай шығарды. Ата-ананың бұл әрекеті дұрыс па? Сіз қандай әрекет етер едіңіз?

2-жағдаят. Балаңыз түнімен теледидар көріп, ұйқысы қанбай қалды. Балаңыз: «Басым ауырып тұр, сабаққа бармай-ақ қояйыншы», — деді. Сіздің әрекетіңіз? Кез келген шешімді қабылдауға асығыстық жасауға болмайды. Балаңыз сіздің оның ісіне немқұрайды қарамайтыңызды көретіндей, оны тыңдауға дайын екендігіңізді байқайтындай болсын. Кейде бала бір сәтсіздіктерге ұрынады. Ата-ана қатты уайымдап, баланың еш нәрсеге икемі жоқ, қабілетсіз деген асығыс қорытындыға келеді. Ата-ана мектеппен байланыс жасамайды, қиыншылықтарды жоюға дәрменсіз болады. Сондықтан да ата-аналар мектеппен байланысты болу керек.

Қорытынды:

Сонымен ата-аналар бала тәрбиесі ең маңызды — мәселе. Ең басты – ата-ананың бала тәрбиесіндегі маңызы зор. Бүгін міне бала тәрбиесіне байланысты ойларыңызды ортаға салдыңыздар.

Стикер таратылады, әр ата-ана тренингтен алған әсерлерімен бөліседі.

Бала тәрбиесі ешқандай үзіліс, демалыс дегенді білмейді. Ендеше, ата-аналар қолымыздағы алтынымызды жақсылап тәрбиелейік және біз оларға үлгі болар бейне екенімізді ұмытпайық. Олай болса балаға әрдайым жылы сөздер айтып, дұрыс тәрбие беруге сіз болып, біз болып бірге атсалысайық.

Әкем-біреу, анамда біреу менің,
Мен жығылсам, сүйенер тілеулерім,
Олар барда – мереке. Көрген емен,
Қабақтарын шытқанын түнергенін
Әке – білек, саусағы – балалары,
Қан тамырмен жалғасқан аралары.
Ана – тамыр бойымен бәріне де,
Тіршіліктің жылуы таралады.

Сіздердің аялы алақандарыңызбен, жылы жүректеріңізбен тербеткен әрбір азаматтарыңыз барыс текті, намысты ұрпақ болсын дегім келеді.

№ G00014 20.10.2021 ж

Жаңартылған білім мазмұны - заман талабы

ДОСЫМБЕТОВА КҮЛДАРХАН ШАЛҒЫНБАЙҚЫЗЫ

*Түркістан облысы Төлеби ауданы "Ақбастау жалпы
орта білім беретін мектебі" КММ*

Ұйымдастырушы педагог және қазақ тілі және әдебиет пәнінің мұғалімі

Тәуелсіз елдің негізгі тірегі-білімді ұрпақ. Қазіргі таңда білімдінің алға түсіп, бәйгеден озып келетін заманы енді туды. Қазақтың кемел талантты ұлы ұстазы Ахмет Байтұрсынов: «Елді түзетуді бала оқыту ісін түзетуден бастау керек» - деген.

Қазақстан Республикасының білім беру реформаларының негізгі мақсаты-білім беру жүйесін жаңа экономикалық ортаға бейімдеу. Бұл тұрғыда тұңғыш Президент Н.Ә.Назарбаев еліміздің әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына қосылуы туралы міндет қойғаны мәлім. Білім беру жүйесін жетілдіру осы мақсатқа қол жеткізуде маңызды рөл атқарады.

Болашақта өркениетті, дамыған елдер қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет.

Қазіргі ұстаздар алдындағы міндет: ғылым мен техниканың даму деңгейіне сәйкес оқушының білімі терең, іскер және ойлауға қабілетті, әлемдік стандарттар негізінде жұмыс істей алатын құзырлы тұлғаны қалыптастыру. Мұндай талапқа сай қызмет істеу үшін ұстаз үздіксіз ізденісте кәсіби білікті болуы тиіс.

Жаңартылған білім беру бағдарламасының ең негізгі мақсаты-білім алушылардың оқу нәтижелерін жетілдіру болып табылады. Орта білім мазмұнын жаңартудың көптеген компоненттері, соның ішінде мұғалімдердің біліктілігін арттыру бағдарламасы осы мақсатқа бағытталған. Жаңартылған білім беру бағдарламасы – озық технологиялардың барлық қыр-сырларын білуге жетелейді.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы-қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек» деп баяндалды. Қазіргі әлемде жай ғана жаппай сауаттылық жеткіліксіз дей келе, Елбасымыз «функционалдық сауаттылықты арттыруды» негізгі тапсырма етіп жүктейді. Функционалдық сауаттылық, кеңінен алғанда, білім берудің / бірінші кезекте жалпы білім беруді / көп жоспарлы адамзат қызметімен байланысын біріктіретін тұлғаның әлеуметтік бағдарлану тәсілі ретінде түсіндіріледі.

Қазіргі тез құбылмалы әлемде функционалдық сауаттылық адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсенді қатысуына, сондай-ақ өмір бойы білім алуына ықпал ететін базалық факторлардың біріне айналуға.

Оқушы мен мұғалім арасындағы қарым-қатынас түбегейлі өзгерісті талап етеді. Функционалдық сауаттылықты меңгерген оқушы білімді өз бетімен игеріп, өз болжамдарына күмәнмен, сыни тұрғыдан қарайды. Әлем, тіршілік, жаратылыс туралы өзінің түсінігін тереңдетіп, кеңейтуге ұмтылу мүмкіндігі ұлғаяды. Құрбы-құрдастарымен әлеуметтік байланыс жасайды.

Белсенді түрде білім жинақтайды. Осының бәріне мұғалім көшбасшылық етіп, бағыт-бағдар беріп отырады. Оқушы оқу үдерісіне мұғаліммен бірге араласып отырады. Тіпті өзінің және сыныптас достарының білімін бағалауда да өз үлесін қоса алады. Ол үшін бағалау критерийлеріне сүйене отырып, топпен, жұппен немесе жеке жауап берген балалардың еңбегін формативті бағалау оқушының әрі қарай ынталанып оқуы үшін үлкен ықпал етеді.

Мектеп тәжірибесінде табысты қолдануға ықпал ететін әдістемелік сипаттағы бірқатар жалпы ұсыныстардан тұратын бағдарламаның жеті модулі:

- оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер;
- сыни тұрғыдан ойлауға үйреті;
- оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау;
- оқытуда ақпараттық коммуникациялық технологияларды пайдалану;
- оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес оқыту және оқу;
- оқытудағы басқару және көшбасшылық болып келеді.

Сондықтан бүгінгі өскелең ұрпақтың үлкен өмірге білек сыбанып, белсене араласа алатын қабілетін көтеріп, танып білу заман талабы.

Олай болса оқушы бойына адамгершіліктің асыл қасиетін сіңіру, сапалы білім беріп, оның болашағын, жеке басын сыйлау біздің бірінші міндетіміз.

№ G00020 20.10.2021 ж



Python тілінде программалау

КАЛДЫБАЕВА ЖАНАР ДАУЛЕТБАЕВНА

*Маңғыстау облысы, Жаңаөзен қаласы бойынша білім бөлімінің
№ 9 жалпы білім беретін мектептің информатика пәні мұғалімі*

Long term plan unit: Ұзақ мерзімді жоспарлау бөлімі: Chapter №3 Programming fundamentals Глава № 3 Бағдармалау негіздері	School: Мектеп:	
	Мұғалімнің аты-жөні:	
Date: Мерзімі:	Grade: 8 Сынып : 8	
Theme of the lesson: Programming in Python Сабақтың тақырыбы: Python тілінде программалау		
Learning objectives (s) that this lesson is contributing to: Сабақ негізделген оқу мақсаты (мақсаттары):	10.3.2.1.-Бағдарламалық қамтамасыз ету түрлерін анықтау; бағдарламалау тілдерін түсіну; бағдарламалаудың мағынасын түсіну 10.3.3.2.-алгоритмдерді бағдарламалау ортасында жазу	
	Identify types of software; understand the programming languages; understand the meaning of programming	
Lesson objectives: Сабақ мақсаттары:	1.All learners will be able to:	
	Software- is a program or a set of programs used to control a computer	
	1.Барлық оқушылар:	
	<i>Бағдарламалық жасақтама - компьютерді басқаруға арналған бағдарлама немесе бағдарлама жиынтығы туралы түсінік қалыптасады</i>	
	2.Most learners will be able to:	
Know what algorithm and types of algorithm are. The structure of programming.		

	2.Оқушылардың көбісі:	
	<i>Алгоритм және алгоритмнің түрлерін, бағдарламалау құрылымын біледі.</i>	
	3.Some learners will be able to:	
	Make up simple programs	
	3.Кейбір оқушылар:	
	<i>Қарапайым программа құрайды</i>	
Key words and phrases: Негізгі сөздер мен тіркестер:	Program, algorithm, software, compiling, input, output, set Бағдарлама, алгоритм, бағдарламалық қамтамасыз ету, компиляция, кіріс, шығыс, жиынтық	
Points for discussion: Талқылауға арналған тармақтар:	How does computer programming work? Why do we Learn computer programming? Компьютерлік бағдарламалау қалай жұмыс істейді? Неліктен компьютерлік бағдарламаларды үйренеміз? Why Python? Python can.	
Terminology Терминология	Program, algorithm, software, compiling, input, output, set, programming Language	Бағдарлама, алгоритм, бағдарламалық жасақтама, компиляция, енгізу, шығару, орнату, бағдарламалау тілі
Interdisciplinary contacts: Пәнаралық байланыстар:	Russian, English, Mathematics, Physics Орыс тілі, Ағылшын тілі, математика, физика	
Previous learning: Алдыңғы оқу:	software Бағдарламалық қамтамасыз ету	
Plan Жоспар		
<i>Time</i> <i>Уақыты</i>	<i>Planned activities</i> <i>Жоспарланған жаттығулар</i>	
Beginning (Басы)	<i>The teacher will greet the learners and try to create a positive learning atmosphere: Greetings, divisions, definition of group leader</i>	

<p>2 min</p> <p>Checking homework Үй тапсырмаларын тексеру 3 min</p> <p>Eliciting Бағыттаушы сұрақ 1 min</p>	<p>T: Good afternoon, S: good afternoon to you, T: Tell me how are you?</p>  <p>2. How does computer programming work? 3. Why do we Learn computer programming? Компьютерлік бағдарламалау қалай жұмыс істейді? Неліктен компьютерлік бағдарламаларды үйренеміз?</p> <p>Қандай бағдарламаны білесің? • What software do you know?</p>
<p>Middle (Ортасы)</p> <p>Main text (Жаңа тақырып мазмұны) 10 МИН</p> <p>Practice Тәжірибе 5 МИН 4 МИН 10 min</p>	<p>Оқушы білгендерін тыңдай отырып, жаңа сабақ тақырыбымен және мақсатымен таныстыру. Ендеше, бүгінгі жаңа сабағымыз: Introduce the topic and purpose of the new lesson by listening to what the student has learned. So, today's new lesson: The programming on a Python language (Питон тілінде бағдармалау) Жаңа тақырыпты «Ойлан, жұптас, бөліс» әдісі арқылы тақырыпты оқуға тапсырмалар беріледі. Tasks are given to read a new topic using the method "Think, pair, share". Why Python? =>watch the Video PYTHON CAN:</p>  <p>1. Software, websites, games e.g.</p>

2. Program, algorithm, programming Language e.g.

Керекті мағлұматтарды дәптерлеріне жазады.

Оқушылар берілген тақырыпты талқылайды, талдайды.

Өзгелерді тыңдай отырып, өз білімін толықтырады.

Writes the necessary information in notebooks.

Students discuss and analyze the topic.

He complements his knowledge by listening to others.

Keep in mind!

Есіңізде болсын!

Keep in mind

'Floor division' always rounds an output down to the nearest value.

For example:

- $11//2$ is equal to 5, not 5.5.
- $99//100$ is equal to 0
- Modulus (%) is the remainder after division.

Ex: $8 \% 3 = 2$ $9 \% 2 = 1$

Keep in mind

Printing on new line

code	<pre>print("Hello world") print("I am happy to study Python")</pre>
result	<pre>Hello world I am happy to study Python</pre>

Printing in one line

code	<pre>print("Hello world", end = "\n") print(" I am happy to study Python", end = "\n")</pre>
result	<pre>Hello world I am happy to study Python</pre>

Practice 1

1. Following codes have errors. Find and fix them.

```
a) bandName = "MuzArt"
print(bandName, songs are very popular)
b) bandName = "MuzArt"
print("bandName, is the most popular music band in Kazakhstan)
```

2. Complete the following code:

```
name = _____
surname = _____
print("My name is ", _____)
print( _____ , _____)
```

Practice 2

1. Let us make simple calculations using Python:

a) $45 * 263 =$
 b) $85 / 23 =$
 c) $123 + 4568 =$
 d) $7894 - 456 =$
 e) $123.35 * 23.45 =$


2. Practice using following expressions in Python:

a) $a + b$
 b) $a - b$
 c) $a * b$
 d) a / b
 e) $a // b$
 f) $a \% b$
 g) $a ** 2$
 h) $a ** b$

3. Calculate the following problems using Python:

a) Dias has 500 KZT and Adilkhan has 1000 KZT. Print their total amount of money.
 b) Dias and Adilkhan want to buy an ice cream bucket which costs 1200 KZT. How much money will be left if they buy that **bucket**?
 c) Dias and Adilkhan finished eating the ice cream bucket, but still want to eat more. They found ice cream which costs 50 KZT. How many ice creams can they buy now?

Дескриптор:

<p>End Formation of competence 5 мин Соңы Құзырлылық қалыптастыру Бекіту</p>	<p>Descriptor: 1) Understands the meaning of the task; 2) Correctly creates the algorithm of the task; 3) Translates the algorithm into program code; 4) Get the result. Оқушылар қорыту тапсырмасын орындайды Students complete a summarizing task. Students complete the summarizing task through learning.apps. </p>
<p>Cheat - appraisal Reflexes (2 min) Бағалау Рефлексия <i>(1 мин)</i></p>	<p>Knowledge Tree. What Did I Learn? What do I want to know? Білім ағашы Не білдім? Не білгім келеді?</p>
<p>Evaluation (1 min) Бағалау <i>1 мин</i></p>	<p>The leader of the group fill in the assessment sheet and pass it to the teacher (accumulation, evaluation) Топ басшылар бағалау парағын толтырып мұғалімге тапсырады (жинақтау, бағалау)</p>

**Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін
айқындауға өзін-өзі тану пәнінің тигізетін әсері**

МУСАБАЕВА АЛТЫН АЙДАРОВНА

Түркістан облысы Төлеби ауданы "Ақбастау жалпы орта білім беретін мектебі" КММ. Әлеуметтік педагог және өзін-өзі тану

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында білім беру жүйесінің басты міндеті – жеке тұлғаны ұлттық жалпыадамзаттық құндылықтардың, ғылым мен практиканың жетістіктері негізінде қалыптастыру, дамыту және кәсіби тұрғыдан жетілдіру,- деп көрсетілуі әр дара тұлғаның заманауи талаптарға сай білімді де білікті азамат ретінде қалыптасуын көздейді.

Қазіргі уақытта техника мен технологиялардың қарқынды дамуы жағдайында, жаһанданудың жаулап алуы барысында мемлекетте әлеуметтік-экономикалық жаңғырту саясатын жүзеге асыру арқылы ізгі қоғамға қол жеткізу басты мәселе болып отыр.

Қоғамда өзгертуші күштің бірі адам болғандықтан, қоғамның ізгілігі адамдардың ізілігінен, адами іс-әрекеттерінен, этномәдени әлеуметтенуінен, олардың өркениеттік озық үлгілерді бойына сіңіруінен және өзіндік болмысын сақтап қалуынан негіз алады.

Осы тұрғыдан Елбасы Н.Ә. Назарбаев әлеуметтік-экономикалық жаңғырту саясатындағы он бағыттың бірі ретінде «Қазақстандағы адам капиталының сапалы өсуіне» баса назар аударып келеді. Осыған байланысты ел Президенті адам капиталын байытудағы басты құндылықтар қатарында патриотизмді, мораль мен адамгершілік нормаларын, ұлтаралық ынтымақтастық пен толеранттылықты, адами және рухани дамуды, заңға бағынушылықты, ана тілін, көптілдікті атап көрсетіп, осы құндылықтарды барлық оқу орындарында балалар мен жастардың бойына сіңіру қажеттілігіне аса мән берген болатын (Н.Ә.Назарбаев, Қазақстан халқына жолдауы, 27.01.2012ж.).

Осы айтылып өткен құндылықтардың мәнділігі адамның өзін, айналасын, ауылын, елін, Отанын терең танып-түсінгенде және оларға риясыз сүйіспеншілігі қалыптасқанда, адами дамудың интеллектуалдық тұрғыдағы жоғары шыңына жеткенде ғана арта түсетіндігі шындық емес пе?

Сол себепті оқу-тәрбие мекемелеріне балалар мен жастардың қоғамдағы, қоршаған ортадағы өзінің орны мен рөлін ұғынуына, өмірдің қарапайым ақиқатын түсінуіне, адами қарым-қатынасын жоғарылатуына, рухани тұрғыдан дамуына, рухани-тарихи мәдени мұралар мен халықтың салт-дәстүрін, әлем өркениетін жете бағалай білуіне септігін тигізетін пәндерді ендіру қажеттілігі артып келеді.

Осындай мақсатпен республикалық оқу-тәрбие мекемелерінде жүзеге асырылып жатқан ірі жобалардың бірі- «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім жобасы.

«Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім бағдарламасының негізгі мазмұнын «адам», «табиғат», «өмір», «денсаулық», «қоғам» және т.б. басты құндылықтардың мән-маңызын жан-жақты ашып көрсететін білім құрайды. Аталған құндылықтарды тану бір қарағанда жеңіл, жүзеге асыруға оңай болып көрінетін секілді. Шындығында бұл олай емес.

Ежелгі грек философы Фалестің «өмірде ең қиыны- өзіңді өзің тану» деп айтқан пікірінің маңыздылығы бар. Себебі, адамның «менін» түсіну дегеніміз «өзіңді тану», «адамдарды тану», «қоғамды тану» мәселелерін жан-жақты қамтитын күрделі салаларды біліп-ұғынуды, талдап-зерттеуді ғана емес оларды тану арқылы адамның рухани-адамгершілік дамуына ықпал ететін сапалар мен қасиеттерді, құндылықтарды үйренуді, өмірде орынды қолдануды және оларды дамыта отырып келешек ұрпаққа жеткізуді білдіреді.

Халықта «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған. Сондықтан баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, яғни адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп, өз-өзіне сенімділікті тәрбиелеуде отбасы мен мұғалімдер шешуші роль атқарады.

Өзін-өзі тану сабағының басты мақсаты ол оқушыларды рухани-адамгершілікке үйрету, ал рухани-адамгершілік тәрбие-екі жақты процесс.

Бір жағынан ол үлкендердің, ата-аналардың, мұғалімдердің оқушыларға белсенді ықпалын, екінші жағынан- оқушылардың белсенділігін қамтитын қылықтарынан, сезімдері мен қарым-қатынастарынан көрінеді.

Сондықтан белгілі бір мазмұнды іске асыра, өзін-өзі тану сабағының әдістерін пайдалана отырып, мұғалім істелген жұмысының нәтижелерін, оқушылардың жетістіктерін зер салып талдау керек. Талдау мен зерттеу, тану мен үйрену барысында адамның «жеке тану», «адамдармен біргелікте тану», «табиғат аясында тану», «қоғам арқылы тану» қажеттіліктері туындайды.

Олай дейтініміз, адам өзін-өзі тану үдерісінде «Мен кімін?», «Мен қандаймын?», «Мен нені білемін?», «Мен нені білгім келеді?», «Мен не істей аламын?», «Менің қандай қабілетім бар?» және т.б. сұрақтар төңірегінде ойлану мен оларға жауап іздеу негізінде өзінің адами қасиеттерін, мінез-құлқын, тән саулығын, жан саулығын, шығармашылық қабілеттерін, тұлғалық болмысын, азаматтық сапасын айқындап-анықтауына, білуіне мүмкіндіктер туады.

Және оның қай тұстарын жетілдіру қажеттігіне аса мән береді.

Адам өзін адамдармен қарым-қатынаста тану барысында өз бойындағы махаббат, туыстық, достық, серіктестік, қайырымдылық, татулық, сыйластық, кәсіпкерлік, қабілеттілік, шығармашылық және т.б. құндылықтарын танып-зерттеуге және қалыптастыруға мүмкіндік алады.

Адам өзін табиғат перзенті тұрғысынан тануда өз санасындағы табиғат, өмір, қамқорлық, үндестік, үйлесімділік, туған жер, сүйіспеншілік және т.б. құндылықтардың мәнін анықтай алады және осы саладан қол жеткізген білімдерін өмірде қолдануға ұмтылады.

Адам өзін «қоғаммен бірге», яғни қоғамға қызмет ету тұрғысынан тану барысында, тұлғалық құндылықтарды өз бойында қалыптастыру мен оларды практикада қолдану қажеттілігін түсінеді және белсенді жасампаздық әрекеттерді жүзеге асыруға дағдыланады. Әрине, осылардың бәрі әрбір Қазақстан азаматының бойында қалыптасатын болса, онда олардың елдегі әлеуметтік жаңғырту ісіне қосатын үлестері қомақты болмақ.

2010 жылы қазақстандықтар керемет сыйға ие болды: еліміздің балабақшаларына, мектептеріне және жоғары оқу орындарына Қазақстанның бірінші ханымы, «Бөбек» қорының президенті Сара Алпысқызының басшылығымен жаңа «Өзін-өзі тану» пәні енгізілді.

Сара Алпысқызы Назарбаева «Бәрінің бастауы – Махаббат!» деген сөзінде үлкен мән бар, өйткені адам өміріне ең қажет, ең маңызды, ең жылы сезім әрине махаббат сезімі.

Жеке тұлғаның үйлесімді дамуына мүмкіндік беретін, білім ордаларында жоғары ізгілік мұраттардың ең құндысы рухани-адамгершілік тәрбие берудің ошағы «Өзін-өзі тану» пәні. Бұл сабаққа оқушылар ғана емес мұғалімдер мен ата-аналар да қызығушылықпен қатысады. Осы пән арқылы оқушылардың бір-біріне деген көзқарастары өзгеріп, қарым-қатынастары жақсартады, өзін-өзгелерді құрметтеуге, бір-бірлерін сыйлауға үйреніп, адамгершілік қасиеттері арта түседі.

«Өзін-өзі тану» пәні оқушының қоғамға және өз-өзіне қызмет етуіне бағытталып, олардың жасампаздық белсенділігін танытуға мүмкіндік беретін өмірлік маңызы бар, кең ауқымды біліктілік дағдыларды қалыптастыруға көмектеседі.

Біздің мектепте осы пәнге байланысты әр-түрлі тақырыптар бойынша қызықты сабақтар, апталықтар, айлықтар өткізіледі. Балалар іс-шаралар барысында өздерін еркін сезінеді, әр оқушы өзінің ой-пікірін білдіріп, айтуға мүмкіндігі бар. Осы пән арқылы әр оқушының шығармашылық қабілетін айқындап, дамытуға болады.

Ең бастысы бұл пән басқа пәндерге қарағанда өзгеше. Сабақ шаттық шеңберінен басталады, мұғалім мен оқушы бір-бірін жылы лебізбен қарсы алады, ал жүректен жүрекке айтылған керемет тілектермен қоштасады. Ал сабақ барысында әр-түрлі жаттығулар, релаксация, танымдық ойындар, пікірталас, рольдік ойындар жүргізіледі.

Шығармашылық ақыл-ой- бұл қызықты әдіс, ол арқылы бала өзін көрсете алады. Адам шығармашылық қабілеті арқылы әлемді таниды. Оқушының шығармашылық ақыл-ойының дамуында «Өзін-өзі тану» пәнінің рөлі жоғары.

Шығармашылық іс-әрекет- бұл «Өзін-өзі тану» пәнінің негізі. Ол: сурет салу, коллаждар дайындау, тақпақ, өлең, ән айту, әңгіме жазу. Бұл әдіс баланың шығармашылық қуатын ашады, әр-түрлі әрекеттер арқылы «МЕН»-ді көрсетеді. Сонымен қатар адамгершілік қасиеттер туралы түсініктерін кеңейтуге:

- «Мәтін оқу»,
- «Сабақтың дәйек сөзі»,
- «Әңгімелесу»,
- «Шығармашылық жұмыс»,
- «Тыныштық сәті»,
- «Сергіту сәті»,
- «Сахналау» әдіс-тәсілдері қолданылады.

«Өзін-өзі тану» пәні балаларға, әсіресе жоғары сыныпта оқитын оқушыларға ауадай қажет, себебі ол «ұлкен өмірге» дайындықтың басы.

Пәннің осындай ерекшеліктерін ескере келе мектебімізде «Өзін-өзі тану» пәні барлық сыныптарда өткізіледі. Сонымен бірге балаға білім берумен қатар тәрбие бере отырып, әр баланың бойындағы дарыны мен қабілеттерін ашу және дамыту мақсатында белсенді түрде жүргізіліп келеді.

«Өзін-өзі тану» пәнінің оқушылардың өздерін тануға және шығармашылық қабілеттерін айқындауға тигізетін әсері өте зор. Оқушылардың шығармашылық қабілеттері мен еңбекке қызығушылықтарын ескере отырып мектеп ішінде сабақтан тыс әр-түрлі үйірмелер ұйымдастырылып, өткізіледі. Олар: «халықтар бии», әскери-спорттық үйірмесі «Гвардеец», шеберлер үйірмелері «петелька за петелькой», «ағаш өңдеу технологиясы». Осы пәннің және сабақтан тыс жұмыстарының нәтижесін, оқушылардың шығармашылық қабілеттерін мынадай көрсеткіштерден көруге болады.

Баланы жастайынан отаншылдыққа, әдептілікке, тазалыққа, ұқыптылыққа, мейірімділікке, ұйымшылдыққа үйрету- адамгершілікке тәрбиелеудің негізі болып табылады. Адам бойында кішіпейілділік, сыпайылық, мейірімділік, рақымшылдық, жанашырлық, сыйластық сияқты қасиеттерді дарыту және өзгелерді қадірлей, тыңдай білу, қолынан келгенінше адамдарға көмектесу, кешірімді болуды үйрету де «Өзін-өзі тану» пәнінің маңыздылығы зор.

Сондықтан «Өзін-өзі тану» сабағын мектеп бағдарламасына пән ретінде енгізген еліміздің ең жанашыр, мейірімді жан Сара Алпысқызына мың алғыс.

«Өзін-өзі тану» пәнінің ғұмыры ұзақ болсын, жыл сайын жеке тұлға қалыптастырудағы рөлі арта берсін!» деген тілекпен өз баяндамамды аяқтаймын.

Білім мазмұнын жаңарту аясында математика пәнін оқыту

ЗАЙЫП РОЗА

*Нұр-Сұлтан қаласы, Ғали Орманов атындағы
№7 мектеп-гимназиясының математика пәні мұғалімі*

Оқушыларға математика білімінің қыр-сырын жетік таныту, қабілеттерін шыңдау, кез-келген ортада өзін еркін ұстауға, Қазақстан Республикасының азаматы деген атқа лайық болатындай етіп тәрбиелеу – біздің міндетіміз болмақ. Осы орайда оқушылардың білім деңгейін арттыру – маңызды іс.

Бұл мәселе көптеген жылдар бойы қарастырылып келе жатыр. Математиканың қиындығына, күрделілігіне қарамастан, болашақ ұрпақты осы пәнге қызықтыру, білім деңгейін көтеру біз үшін орасан зор жауапкершілікті қажет ететін оқыту әдісі болуы тиіс.

Ұстаздың әрбір қылығы оқушыға әсер қалдырып, оның ары қарай жетілуіне ықпал ететіні бәрімізге белгілі. Мұғалім – оқушы атаулыға үлгі болатын өмірінің сан алуан жолынан адаспай өтуде оған бағыт беріп, жөн сілтеуші, баланы адамгершілікке, еңбек сүйгіштікке, адалдыққа және басқа да сол сияқты ізгі қасиеттерге баулитын жан.

Қазіргі заманымызда оқушының білім деңгейін көтеру мәселесі ең басты мәселелердің бірі болып отыр. Оқушының білім деңгейін көтерудегі басты тұлға – ұстаз екені бәрімізге белгілі.

Оқушының білім деңгейін көтеру дегеніміз – оқушыны жан-жақты тәрбиелеп, ғылым негіздерінен берік білім беру, болашақ қоғамға пайдалы қызмет ететін азамат етіп шығару. Оқушының бойындағы білімін ары қарай тереңдетіп, жетілдіре түсу.

Оқушының білім деңгейін көтерудегі мұғалімнің іс-әрекеті деген не?- деген сұраққа жауап іздеп көрейік.

Ғылыми-педагогикалық және психологиялық әдебиеттерді зерттеу барысында біз ең алдымен «іс-әрекет» дегеніміз не деген сұраққа жауап іздедік. Оқушылардың білім деңгейін арттырудағы мұғалімнің іс-әрекеті дегеніміз – оқушының білімін жетілдірудегі, түрлі қажеттерді өтеуге байланысты белгілі мақсатқа жетуге бағытталған процессті айтамыз.

Яғни мұғалімнің сабақ үстінде оқушыға білім беру мақсатымен жүргізілетін жұмыс түрлері. Оқушылардың білім деңгейін арттырудың жолдарына тоқтала кетейік.

Ауызша есептеуге үйрету тәсілдері.

5 сынып математикасын оқыту үрдісінде есепті шығара білу шеберлігін қалыптастыру, жетілдіру және дамытудың шешуші бағыттарына тоқталайық.

1. Есеп шығаруға үйрету – математиканы оқытудағы ең қиын әрі күрделі мәселелердің бірі. Бұл балалардың шама-шарқына, психологиялық жас ерекшелігіне сәйкес салыстыру, жан-жақты талдау жасау, қарама-қарсы қою. Жалпылау, түрлендіру, зерттеу, әр алуан категорияларға біріктіру, қорытындылау, абстракциялау сияқты түрліше меңгеруіне байланысты бірдей дәрежеде орындала бермейді.

2. Балалардың топтық, өзіндік ерекшеліктері қабілет деңгейлерінің әр түрлілігіне байланысты, олардың бәрінен де бір тарақтың жүзінен шыққандай есепті шығара білуге біркелкі үйренеді деуге болмайды.

3. Есеп шығаруға үйрету алғашқы сабақтардың өзінде-ақ басталып, сынып ілгерілген сайын бірте-бірте сәйкес шеберлік те қалыптаса бастайды.

Ауызша есептеуге үйрету бастауыш сыныптан басталатыны бәрімізге мәлім. Ол уақыт үнемдеу тұрғысынан тиімді. Бір ғана мысалдың нәтижесін бірнеше тәсілмен есептегенде берілетін түсіндірмелер, аралық нәтижелердің қалай шығатыны, ақтық нәтижеде не болатыны ауызша айтылады да, оларды жазуға уақыт жұмсалмайды. Оған қоса қай тәсілді қолдану оқушының өз еркінде болғанымен, олардың барынша тиімдісін іріктеп алуды үйретуге де мүмкіндік мол.

Математика сабағында ауызша есептеу дағдыларын қалыптастыру жұмыстарын жүргізудің маңызы зор. Сабақта оқушылардың ойлау қабілетін дамыту үшін есеп шығарғанда орындайтын амалдарды ойша шешіп алуды дағдыландырған жөн.

5 сыныпта математиканы оқыту тек математикалық білімді берумен шектелмейді. Бұл пән оқушылардың логикалық ойлауын дамытуда маңызы өте зор. Оқушылардың ойлау процесінің нақтылығын, тереңдігін анықтау үшін олардың белсенді іс-әрекетімен бірге өз бетінше жұмысын ұйымдастыру керек.

Оқушылардың сабақта өздігінен орындайтын жұмыстарын тиімді ұйымдастыру үшін математика кабинеттерінде дидактикалық материалды, үлестірмелі материалдар, баспа негіздегі дәптерлер, тағы басқа оқу құралдары жинастырылуы қажет. Дегенмен оқушыларға оқулықпен жұмыс істеуді үйретудің орны ерекше. Барлық ғылыми-техникалық білімнің көзі – кітапқа, оның ішінде оқулыққа оқушылардың сүйіспеншілігі мен құрметін арттыру, олармен өздігінен жұмыс істеуді үйрету мұғалімнің басты міндетінің бірі. Әр сынып оқулықтары қажетіне орай орындалуға тиісті жаттығулармен, есептермен, практикалық тапсырмалармен, суреттермен қамтамасыз етілген. Өздігінен жұмыс істеуді оқушылардың сабақ үстіндегі қызметіне енгізу сабақтың құрылымына да, элементтеріне де әсерін тигізеді.

Балалардың сабақта өз бетімен орындаған жұмысы сыныпта қандай формада болса да ескерілуі тиіс. Мұғалім тапсырманың орындалуын қарап шығуға уақыт бөлуі және өз бағасын айтып, жақсы жұмыстарды атап көрсетіп, қатесін табуға көмектесуі тиіс.

Мектеп оқушыларының өз бетінше жұмыстарын ұйымдастырудың басты формасы – жұмыстарды орындау, ептілік, іскерлік, шеберлік дағдысын дамыту. Бұл үшін төмендегідей тиісті талаптарды орындауға тура келеді:

1. Өз бетінше істелетін кез-келген жұмыстың нақты мақсаты болу керек. Әрбір оқушы жұмыстың орындалу тәртібін жетік білу керек.

2. Өз бетінше жұмыс оқушылардың бойындағы танымдық қабілетін, творчестволық ойлау жүйесін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

3. Жұмыстың мазмұны оқушының қызығуын, талпынысын оята білуі тиіс. Яғни оның тілегі жұмыстың соңына дейін бәсендемейтіндей болуы керек.

4. Өз бетінше жұмысты оқушылар еңбек дағдылары мен әдістерін жетік игеріп түсетіндей етіп ұйымдастыру қажет.

Қорыта келгенде, оқушылардың өз бетімен орындайтын жұмыстары: карточкалар, өздік жұмыстар, есептер шығарту, кестелер толтыру арқылы жүзеге асады. Тоқсандық бақылау, өздік 5-10 минуттық бақылау жұмыстары жүргізіледі.

Көрнекі түрде оқыту – оқушылардың тиісті бақылауларына сүйеніп оқыту, бірақ көрнекі оқыту дегенді тек көрнекі құралдарды пайдаланып отыру деп түсінбеу керек. Көрнекілік әдісімен оқу – оқушыларды өз бетінше байқауға үйретуге негізделеді. Себебі қандай нәрсені болса да қабылдағанда сезім мүшелеріміз неғұрлым көбірек қатынасса зат және құбылыс жөніндегі қабылданбаған ұғым, түсінік есіңізге соғұрлым берік, тиянақты есте сақталады.

Сондықтан сабақта көзбен көру, дыбыс органымен айту, қолмен жазу, тағы басқа сезім мүшелерінің белсенді қатысуы тиіс. Көрнекілікті қолдану оқушылардың білім сапасын арттырады, көрнекі құралды пайдалана отырып, мұғалімнің жетегімен, оқушылар өздігінен оңай қорытындылар жасай алады.

Көрнекі құралдар арқылы балалар амалдың идеясын да түсінетін болады, мысалы, тәрелкедегі сүтті жалап жатқан екі мысыққа үшінші бір мысық жүгіріп келе жатқанын көргенде, бала барлығы неше мысық деген сұрауға жауап беру үшін, 2+1 керек деген ой келеді.

Көрнекілік математика сабағында білім көзі ретінде қолданылған, ол елеулі мәселеде берілетін білімдерді нақтылау мақсатында көрнекі құралдар да түрлі тәсілдермен қолданылады.

Оқушылар сабақта, ойын үстінде, ойлау, өлшеу, есептеу, табу, зерттеу жұмыстарымен шұғылданады. Оларды ұштап, жетілдіріп отыру мұғалімнің міндеті деп білеміз.

Бастауыш сыныптарда математика пәнін оқытуда баланың ой-өрісін дамытып, бағдарламада өтілген негізгі материалдарды практикада қолдана білуіне, оқушылардың сабаққа деген ынта-ықыласын арттыруына, өткен материалды өз мәнінде толық игеруіне мүмкіндік жасайтын тәсілдердің ішінде дидактикалық ойынның мәні зор.

Сабақта өтілген материалға сәйкес дұрыс жүргізілген дидактикалық ойындар оқушылардың сабаққа қызығушылығын, белсенділігін арттырып, тақырыпты дұрыс меңгеруіне ықпал тигізеді.

Қоғамның өзгеруімен байланысты білім беру әдістері де білім көлемі де үнемі өзгеріп отырады. Ол білім беру заңдылықтарына байланысты өзгеріп дамып отырады. Біз ұстаздар қауымы қандай болмасын жаңалыққа құлақ түре жүретініміз айқын. Жаңа технологияларды сабақта қолданудың тиімділігін қашан да жолға қоярымыз анық.

Біліктілікті арттыру бағдарламасының негізгі мазмұнындағы модульдер:

1. Білім беру мен білім алудағы жаңа тәсілдер.
2. Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету.
3. Білім беру үшін бағалау және оқуды бағалау.
4. Білім беруде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану.
5. Талантты және дарынды балаларды оқыту.
6. Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес білім беру және оқыту.
7. Білім берудегі басқару және көшбасшылық.

Математика – ұлы ғылым, адам ақылының ең бір асыл қабілеттерінің тамаша жемісі. Шәкірттерді білім нәрімен сусындататын, өмірдің асулары мен шыңдарына қажымай-талмай шығуына алғашқы жол нұсқаушысы – ұстазы.

Ұлы ағартушы Ахмет Байтұрсыновтың «Ұстаз үздіксіз ізденгенде ғана, шәкірт жанына нұр құя алады», – деген сөзі ізденімпаз, жаңаша ұстаздарға арналғандай. Мұны әрбір мұғалім жадында сақтауы тиіс .

№ G00018 20.10.2021 ж


Лепті сөйлем

КИЯЛБАЕВА ГУЛНУР АЛПЫСБАЕВНА

*Маңғыстау облысы Маңғыстау ауданы
«Жармыш жалпы білім беретін мектеп» КММ
Бастауыш сынып мұғалімі*

Сабақ: қазақ тілі	Мектеп:	
Бөлім:	«Менің туған өлкем» Жер бедері деген не?	
Сабақтың тақырыбы:	Лепті сөйлем	
Күні:	Педагогтың аты-жөні:	
Сынып: 2	Қатысқандар:	Қатыспағандар:

Оқу бағдарлама сына сәйкес оқыту мақсаттары	2.3.7.1 Сөйлем түрлерін айтылу мақсатына қарай ажырату және сәйкес тыныс белгілерін қолдану (нүкте, сұрақ белгісі, леп белгісі) 2.1.4.1 Тірек сөздерді қатыстыра отырып, берілген тақырып бойынша әңгіме құрау 2.3.6.1 Бас әріп пен кіші әріптің биіктігі мен мөлшерін сақтап, оларды байланыстырып көлбеу және таза жазу ;
Сабақтың мақсаттары	Тыңдалған мәтін бойынша қойылған сұрақтарға жауап беріп, мәтінде жалпы не туралы айтылғанын түсінеді;
	Сөйлем түрлерін айтылу мақсатына қарай салыстырып, ажыратады;
	Берілген тақырып бойынша тұжырым жасап, талдайды;
Бағалау критерийлері	1. Сөйлем түрлерін айтылу мақсатына қарай ажыратады және сәйкес тыныс белгілерін қолданады; 2. Тірек сөздерді қатыстыра отырып, берілген тақырып бойынша әңгіме құрауды біледі; 3. Бас әріп пен кіші әріптің биіктігі мен мөлшерін сақтап, оларды байланыстырып көлбеу және таза жазады;

Сабақтың барысы			
Сабақтың кезеңі	Педагогтың әрекеті	Оқушы әрекеті	Бағалау
<p>Басы</p> 	<p>Психологиялық ахуал туғызу» «1 минуттық сұқбат» коммуникативті дағдынын қалыптастыру мақсатында 1 минуттық еркін әңгіме айдарын ұсынамын. Алдыңғы білімдерін бекіту мақсатында «Сұрақты қағып ал!» әдісін қолданамын. Балаларды жыл мезгілдері арқылы 4 топқа бөлемін. Топтарға ат қою: I топ : Жаз II топ: Күз III топ: Қыс IV топ: Көктем</p> <p>Жаңа тақырыпқа байланысты видеоматериал ұсына отырып, сабақтың мақсатын ашуға мүмкіндік беремін.</p>	<p>1 минуттық еркін әңгіме айдарына қатысады. Өткен тақырыптарды жақсы меңгергендігін дәлелдейді;</p> <p>Карточкалармен топтарға бөлінеді.Топ атауларына қысқаша мәлімет береді.</p> <p>Балалар көріп , естігендерінен тұжырым жасайды. Өз пікірлерін ортаға салады.</p> <p>Бағалау критерийін құрастырады.</p>	<p>Мадақтау Жарайсыздар!</p> <p>Мадақтау Жарайсыздар!</p>

	<p>https://youtu.be/3VhwKCCmIW0</p>		
<p>Ортасы</p>  	<p>11 - жаттығу: «Түсініп оқы» ҰЖ Оқулықтағы мәтінді түсініп оқып шығуды ұсынамын.</p>  <p>12-жаттығу «Жұптас, ойлан, бөліс!» ЖЖ</p>  <p>Сергіту сәті</p> <p>13-жаттығу «Мазмұнын түсіндір» ӨЖ</p>	<p>Мәтіннің тақырыбы мен тірек сөздердің негізінде мәтіннің мазмұнын болжайды; Мәтінге ат қояды; Мәтіндегі кейіпкерлердің тіршілік ортасын анықтайды; Сұраулы және лепті сөйлемдерді теріп жазады;</p> <p>Суретке қарап сөйлемдерді жұптасып оқиды; Суретке қарап лепті сөйлем құрап айтады; Сөйлем түрлерін айтылу мақсатына қарай ажыратады ; Бір-бірін тындап бағалайды; Музыкалық жаттығу</p> <p>Мақалды дауыстап оқиды, мазмұнын түсінеді, түсіндіреді; Берілген сұрақтарға жауап береді; Жаңбырдың пайдасы туралы әңгімелейді; Бас әріп пен кіші әріптің биіктігі мен мөлшерін сақтап,</p>	<p>Мадақтау Жарайсыздар!</p> <p>Мадақтау Жарайсыздар!</p>

	 <p>14-жаттығу «Галерея стратегиясы» ТЖ Әр топтың жыл мезгіліне байланысты суреті салынған плакаттары қабырғаға ілінеді.</p> 	<p>оларды байланыстырып көлбеу және таза жазады;</p> <p>Әр топ постерлерін қорғайды, өз ойларын дәлелдейді; Әр жыл мезгілінің ерекшеліктерін салыстырады, тұжырым жасайды; Әр топ өз жыл мезгіліне байланысты лепті сөйлем құрайды, тыныс белгісін қояды;</p>	<p>Керемет жауап! Жарайсындар! Өте жақсы!</p>
<p>Соңы</p>	<p>Кері байланыс: «Алма ағашы»</p>  <p>Оқу тапсырмасы: 106 -бет 15-жаттығу</p>	<p>Жаңа тақырыпқа кері байланыс жасайды.</p>	<p>Жарайсындар! Бүгінгі сабаққа өте жоғары деңгейде қатыстыңыздар</p>
<p>Қосымша мәліметтер</p>			
<p>Саралау-оқушыға мейлінше қолдау көрсетуді қалай жоспарлайсыз? Қабілетті оқушыға тапсырманы қалай түрлендіресіз? Қабілетті</p>		<p>Бағалау – оқушы білімін тексеруді қалай жоспарлайсыз? Жұптық, топтық,</p>	<p>Пәнаралық байланыс-өмір қауіпсіздік</p>

<p>оқушыға қосымша карточкалар беремін.</p> <p>Барлық оқушылар орындай алады: Тыңдалған мәтін бойынша қойылған сұрақтарға жауап беріп, мәтінде жалпы не туралы айтылғанын түсінеді;</p> <p>Оқушылардың көпшілігі орындай алады: Сөйлем түрлерін айтылыу мақсатына қарай салыстырып, ажыратады;</p> <p>Кейбір оқушылар орындай алады: Берілген тақырып бойынша тұжырым жасап, талдайды;</p>	<p>өздік жұмыста жұлдызша,житондар арқылы бағалаймын. Мадақтау, марапаттау арқылы бағалауды жүзеге асырамын.</p>	<p>негізі. Музыка. АКТ мен байланыс Құндылықтар мен байланыс: Рухани-жаңғыру бағдарламасы : «Бәсекеге қабілеттілік» , «Сананың ашықтығы » (тәрбие элементі)</p>
---	--	---

№ G00019 20.10.2021 ж

Ойын арқылы баланың ой-өрісін дамыту

БЕКТУРГАНОВА АҚНУР ЛЕСКАНОВНА

Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданы «Жармыш жалпы білім беретін мектеп» КММ. Мектепалды даярлық тобының тәрбиешісі

«Ойын баланың алдынан өмір есігін ашып оның шығармашылық қабілетін дамытады. Ойынсыз ақыл ойдың қалыптасуы мүмкін емес».
(В. А. Сухомлинский).

Мектепке дейінгі балалардың жан-жақты дамуы үшін ойынның ролі ерекше. Ойын – жалпы адамзат мәдениетінің бірегей феномені, оның қайнар көзі мен шыңы. Мәдениет феномені ретінде ойын оқытады, дамытады, тәрбиелейді, әлеуметтендіреді, көңіл көтертеді, дем алдырады, сонымен қатар, ол сықақтап, күлдіріп, кез-келген әлеуметтік мәртебенің шартты екендігін көрсетеді.

Мектепке дейінгі мекемелерде адамгершілік тәрбиесі тәрбиелеу және білім беру үрдісінде әр түрлі іс-әрекеттер арқылы жүзеге асырылады.

Ұлы педагог В.Сухомлинский «Ойынсыз, музыкасыз, ертегісіз, шығармашылықсыз, қиялсыз толық мәніндегі ақыл-ой тәрбиесі болмайды» дейді, демек, шәкірттің ақыл-ойы, парасаты ұлттық салт-сананы сіңіру арқылы байи түспек.

Олармен ойынның әр түрін ұйымдастыра отырып, бір-біріне деген қайырымдылық, мейірімділік, жанашырлық, достық, жолдастық сезімдерді тәрбиелеуге болады. Ал балаларды қоршаған ортамен таныстыру, тіл дамыту, табиғатпен таныстыру, бейнелеу өнері сабақтарында өлі-тірі табиғатқа деген сүйіспеншілік, үлкендердің еңбегіне қызығу мен сыйластық сияқты адамгершілік сапалары қалыптастырылады.

Ойын бала үшін — нағыз өмір. Егер тәрбиеші ойынды ақылмен ұйымдастырса, ол балаларға ықпал жасауға мүмкіндік алады.

А.П.Усова былай деп атап көрсетті: «Балалардың өмірі мен іс-әрекетін дұрыс ұйымдастыру — оларды тәрбиелеу деген сөз.»

Тәрбиенің тиімді процесі ойын және ойынның өзара қарым-қатынастары формаларында жүзеге асырылатын себебі сол, бала мұнда өмір сүруді үйренбейді, өз өмірімен тіршіліктеді».

Ойын мектепке дейінгі жастағы балалардың негізгі іс-әрекетінің бір түрі. Ойын барысында баланың жеке басының қасиеттері қалыптасады.

Ойын барысында балалар дүниені тани бастайды, өзінің күш-жігерін жұмсап, сезініп білдіруге мүмкіндік алады, адамдармен араласуға үйренеді. Бүгінгі күн талабы – баланың ақыл - ойын парасаттылығын дамыту, ойлау қабілетін жетілдіру, өзіндік іскерлік қасиеттерін қалыптастыру, заман талабына сай ойы жүйрік етіп тәрбиелеу.

Сондықтан да баланың танымын алғашқы күннен бастап дамытудың, бойында оқыту мен тәрбиелеудің негізін қалыптастырудың құралы – ойын әрекеті, яғни, ойын – баланың жетекші әрекеті.

Бірақ, ойын тек қана балаларды қызықтырып, уақыт өткізудің құралы болмай, балаға берілетін білім мен тәрбиенің құнды негізі болуы керек. Яғни, оқыту-тәрбиелеу жұмысын бағдарлама талаптарына сәйкес ойын түрінде ұйымдастыра отырып, баланың логикалық ойлау қабілетін арттыруға жағдай жасау мектепке дейінгі мекеме педагогтарының негізгі міндеті.

Ойын барысында балалар педагогпен бірлесіп ереже бойынша қызықты тапсырмалар орындап, жағымды қарым – қатынас жасауы балалардың эмоционалды көңіл – күйлерін көтереді, сондықтан да дидактикалық ойынға қажетті құрал – жабдықтар, атрибуттар айшықты, мазмұнды безендірілуі де өте маңызды. Балалардың интеллектуалдық дамуына әсер ететін жаңа ойын технологиялары да біздің балаларға танымал.

Мысалы: Логикалық тізбек ойындары. Логикалық ойлау арқылы бала саралау, салыстыру, жинақтау сияқты өз бетімен іс – қимылдар жасауды үйренеді. Баланың логикалық ойлауы өздігінен қалыптаспайды, оның дамуына мақсатты түрде білім беру мамандарының, ата - аналардың, балалардың бірлескен жүйелі жұмысы қажет. Балалар ойыны заттық – қол қимылының (пирамида жинау, текшелерден үй құрау) даму жолынан бастап интеллектуалды даму ойынына дейін жетеді. Логикалық ойлауды дамытудың негізгі рөлі математикалық ойындарға жатады. Бұл ойындар арқылы баланың интеллектуалды дамуы тек белгілі бір білім көлемін ғана емес, жалпы тәлім-тәрбиелік іс-әрекеттерді игерумен бірге, ойлау, қиялдау, есте сақтау, елестету және т.б. қабілеттерінің; танымдық, іскерлік, шығармашылық қасиеттерінің дамуын қамтиды Мысалы,

«Суреттерді есте сақта», «Керекті фигураны тап», «Қызықты геометрия», «Лабиринт ойындары» және т.б.. «Ойы саяздың, тілі саяз» деген ұлғатты сөз бекер айтылмаған. Ойлау негізі баланың сөйлеу тілін де қалыптастырады. Қорытып айтқанда, балаларды интеллектуалды дамыту тәрбиесі білімді тереңдетуге, бекітуге, оның тәжірибелік мәнін түсінуге септігін тигізеді. Баланың өмірге қадам басқандағы алғашқы қимыл әрекеті – ойын, сондықтанда оның мәні ерекше. Жас баланың өмірді тану, еңбекке танысы, психологиялық ерекшеліктері осы ойын түрінде қалыптасады.

Мектеп жасына дейінгі балалардың қоғамдық құбылыстарды, қоғамдағы ересек адамдардың іс - әрекетін өз түсінігінше әрекеті арқылы бейнелеуі ойын болып саналады. Ойынның шығу тарихына шолу жасауда көңіл аударатынымыз ол еңбекпен, өнермен, қоршаған ортамен тығыз байланыста дамыған, яғни ойынды өмірден ажыратып қарай алмаймыз балалар тек ойнап қана қоймайды, сонымен бірге ойлайды, аңғарады көп нәрсені білуге, зерттеуге талпынады. Олар бірдеңе жасап қана қоймайды, сондай - ақ заман ағымына да белсене қатысады.

Балабақшаларда оқыту – тәрбиелеу жұмысында балалардың тілін дамыту, сөздік қорларын молайту, ауызша сөйлеуге үйрете отырып, үйренген сөздерін күнделікті өмірде еркін қолдану, одан әрі күнделікті іс - әрекет кезіндегі тілдік қарым - қатынаста қолдана білуге жаттықтыру. Ойын дүниеге ашылған үлкен жарық терезе іспеті.

Ол арқылы баланың рухани сезімі жасампаз өмірмен ұштасып, өзін қоршаған дүние туралы түсінік алады. Адамды өжеттілікке, шапшаңдыққа, ептілікке, батылдыққа, байсалдыққа, тапқырлыққа үйрететін де ойын.

Бала үшін ойын өзін - өзі жетілдіру мен өзін – өзі көрсетудің құралы.

Баланы ойынға қызықтыра отырып оқу қызметін ойын түрінде күрделендіре түсу керек.

Ойын баланың ойлау қабілетін жетілдіре отырып, оның қиялын дамытады.

Оқу қызметінде қолданатын ойын түрлері мынадай топтарға бөлінеді.

Ойынның түрлері:

- Ұлттық ойындар
- Сюжетті рольді ойындар
- Педагогикалық ойындар
- Дидактикалық ойын
- Шығармашылық ойын
- Қимылды ойындар

Педагогикалық ойын технологиясы дегеніміз - педагогикалық жұмысты ойын түрінде ұйымдастырудың әдістері мен тәсілдерінің жиынтығы. Дидактикалық ойындар арқылы оқу қызметі барысында балаларды қызықтыру мақсатында қолданылады және мектеп жасына дейінгі ұйымдардың барлығында да, оқу қызметі ойын түрінде өткізіледі. Оқу қызметі барысында ойын түрлері жас ерекшеліктеріне байланысты қолданылады.

Тәрбиеші ойынға тек қана баланы қызықтырып қоймай, бес саланы білім берудің негізгі құндылығы деп түсінсе ғана өз мақсатына жете алады.

№ G00024 20.10.2021 ж

Монтессори

ЕСЕНТУРЛИЕВА ЗОЯ МУСТАФАЕВНА

*Маңғыстау облысы Жаңаөзен қаласы
«№12 «Рахат» бөбекжайы» Тәрбиеші*

Білім беру саласы: Монтессори

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Математика негіздері

Ұйымдастырылған оқу қызметінің тақырыбы :Монтессори

Ұйымдастырылған оқу қызметінің мақсаты:

Балалардың сандар,геометриялық пішіндер туралы білімдерін бекіту,үлкен-кіші ұғымдарын ажырата білуге ,ғажайып саяхат арқылы балалар қиялын

шыңдау,логикалық ойлау қабілетін дамыту, тапқырлығын арттыру

Ұйымдастырылған оқу қызметінің көрнекілігі: демонстрациялық

материалдар ,ғаламшарлардың макеттері ,суреттер

Әдіс-тәсілдер:Көрсету, түсіндіру, сұрақ-жауап, ойындар.

Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы:

Шаттық шеңбері:

Алақанды ашайық

Күннің нұрын жасайық

Мейрімділік шоғын біз

Қонақтарға шашайық

I.Негізгі бөлім:

Сұрақ – жауап: жыл ерекшеліктері

Балалар айтындаршы ,кім саяхатқа шыққанды жақсы көреді

Саяхатқа шыққанды жақсы көреді

Ал қайда саяхатқа шығуға болады!

Балалардың жауаптары

-Балалар ал сендер ғарышқа менімен бірге шыққыларың келеме ?

Онда мына жұмбақтың жауабын шешіп көріңдер

Ұшады қанатсыз

Зырлайды аяқсыз

(Зымыран)

Дұрыс айтасындар ,онда барлығымыз зымыранмен ұшамыз.ұшпас бұрын

Мына сұраққа жауап беріндерші,Ұшпас бұрын бүгінгі күнді анықтап алайық

• -Балалар қазір жылдың қай мезгілі ?

-Күз аяқталды ма, басталды ма?

Балалардың жауаптары.

Назар аударыңыздар біздің зымыранымыз ,жер ғаламшарынан
20 сыншы қазан 2020 жылы аттанбақ (5,4,3,2,1,0)

Әуен ойналып, зымыранның аспанға ұшқан дауысы естіледі

II. Ұйымдастырушылық-ізденістік:

балалар қандай әдемі құпия әлем,біз бір бірімізден адасып кетпеу үшін,бағытымызды анықтап алайық, балаларды тақтаның алдына апарып бағытпен, ғаламшарлармен таныстыру. Меркурий, Нептун, Сатурн планеталары туралы айтып беру

Балалардың жауаптары.Ғаламшарлардың бізге әзірлеп қойған құпия тапсырмалары бар екен, ең бірінші болып келген ғаламшарымыз Нептун Ғаламшарының тапсырмаларын орындау

Монтессори ойыншықтарымен геометриялық пішіндерді табу, түстері бойынша қою, сандарды өсу ретімен орналастыру

Балалар сендер барлық тапсырмаларды жақсы орындадыңдар, келесі баратын ғаламшарымыз Меркурий

Меркурий Ғаламшарында балалар Монтессори ойыншықтары «Түрлі түсті детальдардан үй, қала, көлік түрлерін құрастырады.

Сатурн ғаламшары- балалар « ғаламшар әлемі» атты пазылмен жұмыс жасайды -Балалар өте тамаша біз аспан әлемін. Оның сырларымен таныстық, енді зымыранымыз да өзімізде күн көзінен қуат алып сергіп алайық

Сергіту сәті:

Сырын ашып ғарыштың

Туған елдің бағына

Құшағына даланың

Ораламын тағы да

Балалар бүгін бізде тамаша саяхат болды. Енді елімізге қайтайық

Әуен ойналып,зымыранның ұшқан дыбысы ойналады.

Бүгінгі келген қонақтарға өз көңіл күйімізді көрсетейікші.

Көңілді жұлдызшаларды

.көрсетіп,келген қонақтарға сыйға береді.

III бөлім Рефлексиялық-түзетушілік:

-Жарайсыңдар балалар! Сендер бүгінгі оқу қызметімізге өте жақсы қатыстыңдар! Рахмет сендерге балалар

№ G00025 20.10.2021 ж

Синтаксис. Ғаламның пайда болуы

БАЗАРБАЕВА ЖАНИЯ САДУОҚАСОВНА
 Ақтөбе қаласы "Благодар орта мектебі" КММ
 Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

4- бөлім Ғарышты игеру жетістіктері. Синтаксис Ғаламның пайда болуы		Мектеп: Пәні. Қазақ тілі
Күні:		Мұғалімнің аты-жөні:
Сынып: 8	Қатысқандар:	Қатыспағандар:
Сабақ негізделген оқу мақсаты :	8.1.6.1 коммуникативтік жағдаятқа сай ғылыми және халықаралық терминдерді, ғылыми деректерді орынды қолданып, диалог, монолог, полилогта өз ойын дәлелді, жүйелі жеткізу 8.4.4.1 сөз тіркесінің байланысу тәсілдері мен түрлері, есімді, етістікті сөз тіркестерін ажырату, қолдану	
Сабақ мақсаттары	Деректерді пайдаланып, диалог құрады.	
	Өз ойларын жүйелі жеткізеді, сөз тіркестерін тауып, түрлерін ажырата алады.	
	Алынған мәліметтерге сілтеме жасай алады.Жинақы мәтін құрады.	
Бағалау критерийлері	<ul style="list-style-type: none"> • Тақырыпқа қатысты диалог құрады • Жинақы мәтін, мақала жазады • Сөз тіркесінің түрлерін ажырату 	
Тілдік міндет	Оқушылар орындай алады:	
	Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер: сөз тіркестері жай және күрделі тіркес	
	Диалог құруға /шығарма жазуға пайдалы тіркестер:	
Құндылыққа баулу	Ашықтық және өмір бойы оқу	Оқушылар тақырып бойынша ақпаратты өз бетінше табады және басқалармен бөліседі.
	Бінтымақтастық	Берілген тапсырмаға қатысты топтағы оқушылармен өзара пікір

		алмасады, бірлесе жұмыс істейді.
Алдыңғы оқу:	Ғаламның пайда болуы, сөз тіркесі	
Жоспар		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған жаттығулар	
3 минут	Шаттық шеңбері: «Мадақтар бұрқасыны» әдісі	
5мин	Топқа бөлу: Жұлдызнама бойынша бөлу I топ: «Жетіқарақшы» (арыстан, бикеш, таразы) II топ: «Темірқазық» (сарышаян, мерген, тауешкі) III топ: «Үркер» (балықтар, торпақ, егіздер)	
	Үй тапсырмасын сұрау «Стикердегі сұрақ» әдісі	
	1-сұрақ: Құс жолы дегеніміз не?	
	2-сұрақ: Құс жолының құрамына қанша галактика кіреді?	
	3-сұрақ: ашық қараңғы түнде құс жолы галактикасын қалай көрінеді?	
	4-сұрақ: Галактикалық дискінің құрамына нелер кіреді?	
	5-сұрақ: Тұтқалар қай жерде орналасады?	
	6-сұрақ: Сөз тіркесі дегеніміз не?	
	7-сұрақ: Сөз тіркесінің негізгі белгілерін ата	
	8-сұрақ: еркін сөз тіркесіне мысал келтір	
	9-сұрақ: Тұрақты сөз тіркесіне мысал келтір	
	10-сұрақ: жай тіркес пен күрделі тіркестің айырмашылығын ата	
	Сабақтың мақсатын айту, бағалау критерийлерін анықтау	
Ортасы	ЖЖ	
5минут	5-тапсырма Берілген суреттерді пайдаланып, «Ғарыш әлемі және ғарышкерлер» тақырыбында диалог құрады. Сөз тіркестерін табады.	
	ҚБ: жұппен бағалау (смайликтер)	
	ТЖ	
10мин	6-тапсырма бойынша екі топ мәтін құрастырады, сілтеме жасайды	
	I топ: «Алғашқы ғарышкерлер»	
	II топ: «Қазақстанның тұңғыш ғарышкері»	
	7-тапсырма тақырыбында мақала, жинақы мәтін жазады.	
	Жай және күрделі тіркестерді ажыратады.	

<p>2мин</p>	<p>III топ: «Шоқжұлдыздар және жұлдызнама» ҚБ: бас бармақ әдісі арқылы топтарды бағалау</p>
<p>13мин</p>	<p>Сергіту сәті: «Бинго» ойыны (8-тапсырма)</p> <p>Үйге: 50-бет 9-тапсырма ҚБ Тапсырма Мәтінді мұқият тыңдаңыз. Ғарышқа ұшқан 5 жануар Жануарлар ғарышта болған алғашқы тірі жан иелері болды. Алғашында ғалымдар</p> <p>адам баласы ғарышта ұзақ уақыт бойы салмақсыздық күйінде өмір сүре алмайды деп</p> <p>ойлады. Сондықтан да салмақсыздықтың тірі жаратылысқа әсерін тексеру үшін олар</p> <p>алдымен жануарларды ғарышқа аттандырды.</p> <p>1. 1959 жылы ғарышқа Авель және Бейкер маймылдары ұшқан. Олар ғарыштағы саяхатты</p> <p>жақсы өткерген, алайда зерттеуге арналған тетіктерді шешу кезінде бірі өлген.</p> <p>2. Маймылдардан басқа ғарышқа тасбақа, мысық, және ит ұшырылған.</p> <p>3. Ең алғаш ғарыштық зерттеулер 1949 жылы иттерге жүргізілген. Иттердің ғарышқа</p> <p>ұшуы үшін бойы 32 см, салмағы 6 кг болу керек болған. Оларды ғарышқа ұшырмас бұрын</p> <p>алдын ала дайындық жұмыстары жүргізілген. Иттердің алғашқы ғарышқа сапары сәтті</p> <p>болған.</p> <p>4. Ең алғаш 1957 жылдың 3 қарашасында жер аумағындағы орбиталық ұшуға Лайка есімді</p>

	<p>ит ұшқан. Ол кезде космостық құрылғылардың жерге қайтып келуі екіталай болғандықтан, ит ғарышта тек 1 апта тіршілік етеді деген болжам жасалған. Алайда ғарыш кемесінде салмақсыздық байқалып, ит ыстықтан өлген.</p> <p>5. 1960 жылы ғарышқа Белка, Стрелка иттері мен тышқан, егеуқұйрық, шыбын ұшырылған. Ғарыш кемесі жерге сәтті оралған. Осы ұшырылымнан кейін ғарышқа адам барады деген тұжырым жасалған.</p> <p>(а) Мәтіндегі терминдерді, маңызды деректерді кестеге түртіп отырыңыз.</p> <table border="1" data-bbox="544 813 1366 927"> <tr> <td>Терминдер</td> <td>Маңызды деректер</td> </tr> <tr> <td> </td> <td> </td> </tr> </table> <p>(ә) Жағдаят: Сіз радио бағдарламасынан ғарышты бағындырған жануарлар туралы деректерді естідіңіз. Сіз үшін бұл ақпараттар қызықты болды. Осыны досыңызбен бөлісіңіз. Жоғарыдағы терминдер мен деректерді қолданып, досыңызбен диалог құрыңыз. Сөз тіркесінің байланысу тәсілдері, түрлері, сөз тіркесінің түрлеріне көңіл бөліңіз.</p> <p>Дескриптор Білім алушы</p> <ul style="list-style-type: none"> - мәтіннен терминдер мен ғылыми деректерді анықтайды; - тақырыпқа қатысты диалог құрастырады; - сөз тіркесінің байланысу тәсілдері, түрлері, сөз тіркесінің түрлерін қолданады. - диалогте термин мен деректерді қолданады. 	Терминдер	Маңызды деректер				
Терминдер	Маңызды деректер						
<p>Соңы 2минут</p>	<p>Сабақтан әсерлерін қорытындылап кестені толтырады (БББ кестесі)</p> <table border="1" data-bbox="592 1688 1318 1803"> <tr> <td>Мен нені білемін?</td> <td>Менің нені білгім келеді?</td> <td>Мен нені білдім?</td> </tr> <tr> <td> </td> <td> </td> <td> </td> </tr> </table>	Мен нені білемін?	Менің нені білгім келеді?	Мен нені білдім?			
Мен нені білемін?	Менің нені білгім келеді?	Мен нені білдім?					
	<p>Қосымша ақпарат</p>						
<p>Дифференциация</p>	<p>Бағалау – оқушы білімін</p>	<p>Қиылыса</p>					

<p>сіз қпалетуді қалай жоспарлацсыз ? Сіз ең қабілетті оқушылардан сабақ сұрауды қалай жоспарлайсыз?</p>	<p>тексеруді қалай жоспарлайсыз?</p>	<p>тын оқу мәтіндері Еңбек гигиенасы мен қауіпсіздік техникасын тексеру ICT тестілер маңызды сілтемелер</p>
<p>Барынша қолдау көрсету: Орташа қолдау: тірек Қолдау көрсету аз</p>	<p>Қалыптастырушы бағалау:</p>	
<p>Нәтиже Сабақтың оқу міндеттері шынайы болды ма? Бүгін оқушылар нені жаттады? Оқу атмосферасы қандай болды? Менің жоспарлаған дифференциация дұрыс болып шықты ма? Мен регламентті сақтадым ба? Менің жоспарымда қандай өзгерістер болды және олар қандай?</p>	<p>Сабақтағы оқу міндеттері шынайы болды. Себебі оқушылар сөз тіркестері оның түрлерін және ғарышкерлер туралы жаңа ақпараттар алып тақырыпты жақсы меңгерді. Сабақта регламентті сақтап уақытында тапсырмаларды орындадық. Сабақтағы атмосфера өте жақсы болды</p>	
<p>Рефлексия Сабақтың мақсаты мен оқу міндеттері орындалды ма? Бүгін оқушылар не үйренді? Сабақ қалай өтті, қандай деңгейде өтті? Жоспарланған саралау жақсы іске асты ма? (тапсырмалар сәйкес болды ма?) Уақытты қалай тиімді пайдаландым? Жоспарыма қандай өзгеріс енгіздім және неге?</p>	<p>Өз сабағыңызды талдау үшін осы бос орынды пайдаланыңыз. Сол жақта берілген сұрақтарға жауап беріңіз. Сабақтағы мақсатыма жеттім. Оқушылар сабақта ғарыштың пайда</p>	

	<p>болуы туралы ақпараттар алды. Сөз тіркестерін меңгерді. Жоспарланған саралау жұмыстары іске асты. Топпен, жұппен жұмыс жасау арқылы оқушылар бір-бірлеріне көмектесті.</p>
<p>Қорытынды бағалау Ең жақсы өткен екі нәрсе (оқыту мен оқуға қатысты)? 1. 2. Қандай екі нәрсе немесе тапсырма сабақтың одан да жақсы өтуіне ықпалын тигізеді (оқыту мен оқуға қатысты)? 1. 2. Осы сабақтың барысында барлық сынып немесе жекелеген оқушылар жөнінде келесі сабағыма қажет болуы мүмкін қандай ақпарат білдім?</p>	<ul style="list-style-type: none">• «Стикердегі сұрақ» әдісі• «Бинго» ойыны <p>1 Мәтінге сілтеме жасай алу 2Қалыптастырушы бағалау тапсырмаларына уақыттың көбірек болуы</p> <p>1.Оқушылар келесі сабақта жаңа есімдер туралы тағы білгілері келетіндерін айтты сондықтан толық ақпарат дайындау. 2.Ойын элементтері мен жаңа әдіс-тәсілдерді қолдану</p>

№ G00026 20.10.2021 ж

Стилистика және тіл мәдениеті. Сөздердің стильдік түрлері

УСКЕНБАЕВА САЛТАНАТ АКИМХАНОВНА

Жамбыл облысы. Т.Рысқұлов ауданы. Көгершін ауылы

Ақтоған шағын орталықты орта мектебі

Қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі

Қазақ тілі	Мұғалім	Уақыты:	Кабинет
Сабақтың атауы	Стилистика және тіл мәдениеті.		
Көрнекілігі	Сөздердің стильдік түрлері		
Мақсаты	Кеспе қағаздар, деңгейлік тапсырмалар		
Топқа бөлу	а) стилстика ғылымы туралы жан-жақты түсінік беру, стильдің түрлерін ажырата білуге үйрету; ә) түрлі әдістерді пайдалана отырып, оқушылардың есте сақтау қабілетін арттыруға баулу; б) сабақ барысында оқушылардың білімін бақылау арқылы сауатты жазуға машықтыру;		
БІнтымақтастық атмосферасын қалыптастыру	Тәтті көмпиттер арқылы топтарға бөлу		
Сабақтың барысы	Балалар, бүгін біз бірінші рет шаттық шеңберіне жиналайық! Шеңберге тұрайық, достарымызбен қол ұстасайық! Барлығымыз жақсы көңіл-күйде бір-бірімізге тілегімізді айтайық! Бір-бірімізге қарап күлкімізді сыйлайық! Қол алысып, кәне, біз, Достасайық бәріміз. Айтарым бар сендерге, Тез тұрыңдар шеңберге. Қандай жақсы бір тұру, Достарменен бір жүру! Қандай жақсы дос болу! – Балалар, бір-біріміздің қолымыздан ұстап, алақан арқылы жүректің жылуын сезініп үйренген қандай тамаша, қандай қуаныш!		
Үй тапсырмасын сұрау	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	
Қызығушылықты ояту	Тіл қандай қоғамдық қызмет атқарады? Тіл - қоғамдық құбылыс. Ол қоғамда туып, дамиды, қоғамға қызмет етеді. Қоғамдағы өзгерістердің бәрі тіл арқылы көрініп, тіл арқылы кейінгілерге беріледі.		

	<p>Тіл - қатынас құралы. Адамдар тіл арқылы бір-бірімен хабарласады, пікір алмасады, өз ойын жарыққа тіл арқылы шығарады.</p> <p>Тіл - тарихи құбылыс. Тілдің шығуы мен қалыптасуы және даму кезеңдерін тарихи тұрғыдан қарастыру арқылы біз тілдің тарихи құбылыс екеніне көз жеткіземіз.</p> <p>Түркі тілдері ортақ тарихи жазбаларды неше дәуірге бөлеміз және олардың атаулары қандай?</p> <p>Көне түркі дәуірі: III, V, VIII ғ.ғ Орхон, Енисей, Талас</p> <p>Орта түркі дәуірі 1- Караханид кезеңі: Ж.Баласағұни «Құтты білік», М. Қашқари «Түркі тілдерінің сөздігі», А.Иүгінеки «Ақиқат сыйы», А.Иасауи «Диуани хикмет».</p> <p>2-Алтын Орда кезеңі: Хорезми «Мұхаббатнаме», Құтб «Хұсрау шырын», С.Сарай «Гүлстан-би-турки», «Кодекс Куманик».</p> <p>1. Жаңа түркі дәуірі: XV ғасырдан қазірге дейінге кезең.</p> <p>3. Тіл туралы Заң неше тараудан, неше баптан тұрады? (VI тарау, 27 бап)</p>							
<p>Мағынаны тану</p>	<p>Стилистика – ең алдымен стиль туралы ғылым. Стиль сөйлеп отырған жанның өз лебізін коммуникативтік талапқа сәйкес, қарым-қатынас мақсатына сай құра білуі, яғни белгілі бір тілдегі <u>лексикалық</u>, <u>грамматикалық</u> және фонетикалық тәсілдерді дұрыс қолдана білу.</p> <p>Тіл стильдері</p> <table border="1" data-bbox="518 1503 1442 1592"> <tr> <td data-bbox="518 1503 890 1592">Ауызекі сөйлеу стилі</td> <td data-bbox="890 1503 1050 1592"></td> <td data-bbox="1050 1503 1442 1592">Кітаби тіл стилі</td> </tr> </table> <table border="1" data-bbox="518 1632 1442 1809"> <tr> <td data-bbox="518 1632 715 1809">Көркем әдебиет стилі</td> <td data-bbox="715 1632 922 1809">Ресми стиль, іс-қағаздар стилі</td> <td data-bbox="922 1632 1129 1809">Ғылыми стиль</td> <td data-bbox="1129 1632 1442 1809">Публицистикалық стиль</td> </tr> </table> <p>Ауызекі сөйлеу стилінің негізгі мақсаты – өзара тілдесу. Тіл амалдарын қолдануда әдеби тілдің нормалары сақталмайды.</p>	Ауызекі сөйлеу стилі		Кітаби тіл стилі	Көркем әдебиет стилі	Ресми стиль, іс-қағаздар стилі	Ғылыми стиль	Публицистикалық стиль
Ауызекі сөйлеу стилі		Кітаби тіл стилі						
Көркем әдебиет стилі	Ресми стиль, іс-қағаздар стилі	Ғылыми стиль	Публицистикалық стиль					

<p>Кітаби стиль – жазу дәстүрі белгілі бір жүйеге түскен, орныққан стильдік тармақтары мен нормалары бар тіл.</p> <p>Ғылыми стиль еңбек тақырыпты ашу мақсатында ғылыми пайымдаулар, болжам, дәйек, дәлел келтіріледі.</p> <p>Ресми іс қағаздарға қолхат, өтініш, т.б жатады.</p> <p>Публицистикалық стиль тақырыпты оқырманға жеткізу мақсатында нақтылық пен шынайылыққа құрылады.</p> <p>Көркем әдебиет стилі шығарма ерекшелігіне орай, өз бойында кітаби стиль мен сөйлеу тілі белгілерін біріктіре алады.</p> <p>Тақтамен жұмыс: 18-жаттығу. Төмендегі екі мәтінді салыстыра отырып, қандай стилде жазылғанын анықтаңдар.</p> <p>19- жаттығу</p> <p>Шағын топтарға бөлініп, әр топ төмендегі кестеде көрсетілген бағытта бір стиль түріне шағын материал дайындап, талқылау ұйымдастыру.</p>			
<i>Тақырып</i>	<i>Мамандық иесі</i>	<i>Стилі</i>	<i>Тыңдармандары</i>
Ұлттар татулығынтымақ бастауы	Журналист	Публистикалық стиль	Теледидар көрермендері
Орхон Енисей ескерткіштері	Ғалым	Ғылыми стиль	Дарынды оқушылар
Қыс қызықтары	Оқушы	Көркем әдебиет стилі	Сыныптастары
Қазақстан Республикасы туралы ақпараттық хабарлама	География пәні мұғалімі	Ресми стиль	Шетелдік қонақтар

Ой толғаныс	Кеспе қағаздар ұсынамын: 1. Құлақ десе, мұрныңды көрсетесің? Гүлжамила ашуланады. – Өмір осы, бір жаққа барайық десем... 2. Мені тарих пәнінің мұғалімі ретінде жұмысқа алуыңызды сұраймын. 3. Бәйге ойыны кез келген жазық жерлерде өткізіле береді. 4. Қазастанда 6 мемлекеттік қорық бар. Көптеген жануарлар мен өсімдіктер өкімет қамқорлығында. 5. Ел ішіне келген қалың сүзектен әке-шеше қатар тартып жығылып, араларына екі-ақ күн салмай, әуелі – шеше, артынан әке өлді.
Бағалау	Оқушылар бір-бірін бағалайды
Үйге тапсырма	Оқулықтағы тапсырмаларды орындау

МАЗМҰНЫ

- *УРАЗАЛИЕВА ИНДИРА ЖУМАГАЛИЕВНА*
- *САДВАКАСОВА ГУЛЬНАЗ ОМИРБАЕВНА*
- *ДОСЫМБЕТОВА КҮЛДАРХАН ШАЛҒЫНБАЙҚЫЗЫ*
- *КАЛДЫБАЕВА ЖАНАР ДАУЛЕТБАЕВНА*
- *МУСАБАЕВА АЛТЫН АЙДАРОВНА*
- *ЗАЙЫП РОЗА*
- *КИЯЛБАЕВА ГУЛНУР АЛПЫСБАЕВНА*
- *БЕКТУРГАНОВА АҚНУР ЛЕСКАНОВНА*
- *ЕСЕНТУРЛИЕВА ЗОЯ МУСТАФАЕВНА*
- *БАЗАРБАЕВА ЖАНИЯ САДУОКАСОВНА*
- *УСКЕНБАЕВА САЛТАНАТ АКИМХАНОВНА*